

Үміткердің  
сәйкестендіру нөмірі:

---

# АҚКК Біліктілік КОМИССИЯСЫ

ШІЛДЕ 2023ж.

## ҚҰҚЫҚ (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнеткерлік заңнамалар)

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда бес тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады..

- 5 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 10 балл	15 – 18 минут
2-тапсырма, 10 балл	15 – 18 минут
3-тапсырма, 10 балл	15 – 18 минут
4-тапсырма, 10 балл	15 – 18 минут
5-тапсырма, 60 балл	<u>90 – 108 минут</u>

Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут

Программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. Рұқсат алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: [kvalkom@psad.kz](mailto:kvalkom@psad.kz)

## 1-ТАПСЫРМА (10 балл)

Екі жеке тұлға (ҚР азаматтары) акционерлік қоғам құруға шешім қабылдады. Бірінші құрылтайда олар құрылтай шартын жасасты, акцияларға алдын ала төлем мөлшерін белгіледі, жарияланған акциялардың, оның ішінде құрылтайшылар ақысын төлеуі тиіс акциялардың санын белгіледі, қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және қоғам органдары құрылғанға дейін оның мүдделерін үшінші тұлғалар алдында білдіруге уәкілетті тұлғаларды сайлады, акционерлік қоғамның жарғысын бекітті.

Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

1.1. Акционерлік қоғамдар үшін жарғылық капиталдың ең аз мөлшері:

- а) 5 000 АЕК;
- б) 10 000 АЕК;
- в) 25 000 АЕК;
- г) 50 000 АЕК.

1.2. Акционерлер тізілімінің жүйесін кім жүргізеді?

- а) Акционерлік қоғамның атқарушы органы;
- б) Акционерлік қоғамның корпоративтік хатшысы;
- в) Орталық депозитарий;
- г) Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі.

1.3. Акциялардың шығарылу түрі:

- а) тек құжаттық нысанда;
- б) тек құжатсыз нысанда;
- в) құжаттық және (немесе) құжатсыз нысанда;
- г) «алтын» акцияны санамағанда, тек құжатсыз нысанда.

1.4. Акционерлік қоғамның жарғысымен құқылы тұлғалар:

- а) барлық мүдделі тұлғалар;
- б) тек қана акционерлер;
- в) тек қана акционерлер және қоғамның лауазымды тұлғалары;
- г) тек қана акционерлер және уәкілетті мемлекеттік органның өкілдері.

1.5. Акционерлік қоғамның құрылтай шарты қай кезде тоқтатылады:

- а) кейінгі қоғам акцияларының шығарылымын жайғастыру басталғанға дейін қабылданған құрылтайшылардың өздерінің шешімімен ғана тоқтатылады;
- б) жарияланған акциялардың шығарылымы мемлекеттік тіркелген күннен бастап тоқтатылады;
- в) акцияларды жайғастыру қорытындысы туралы есеп бекітілген сәтте тоқтатылады;
- г) акционерлік қоғамның қызметі тоқтағанша жалғасады.

1.6. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары - бұл:

- а) дара түрде атқарушы органның функцияларын жүзеге асыратын директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органның мүшелері;
- б) директорлар кеңесінің мүшелері, президент және ішкі аудитор;
- в) директорлар кеңесінің мүшелері және есеп комиссиясының мүшелері;
- г) директорлар кеңесінің мүшелері, тексеру комиссиясының мүшелері, корпоративтік хатшы.

1.7. Жылдың қорытындысы бойынша қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивиденділер төлеу туралы шешімді кім қабылдайды:

- а) қоғамның директорлар кеңесі;
- б) қоғамның атқарушы органы;
- в) акционерлердің жылдық жалпы жиналысы;
- г) акционерлердің жылдық немесе кезектен тыс жалпы жиналысы.

1.8. Айырбасталатын құнды қағаз - бұл:

- а) аузы жабылған конверттерге сақтауға жатады;
- б) шығарылым проспекті шартымен айырбасталатын;
- в) «алтын акция»;
- г) артықшылықты акция.

1.9. Миноритарлық акционер құқылы:

- а) директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;
- б) аудиторлық ұйымның аудитті өз есебінен өткізуін талап етуге;
- в) қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- г) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді талап етуге.

1.10. Білікті көпшілік - бұл:

- а) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде  $\frac{2}{3}$  мөлшеріндегі көпшілік;
- б) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде  $\frac{3}{4}$  мөлшеріндегі көпшілік;
- в) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде  $\frac{1}{4}$  мөлшеріндегі көпшілік;
- г) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде  $\frac{1}{2}$  мөлшеріндегі көпшілік.

## 2-ТАПСЫРМА (10 балл)

"А" екінші деңгейдегі қазақстандық банк (бұдан әрі - "Банк") "В" қазақстандық жекеменшік компанияның (бұдан әрі - "Қарыз алушы") пайдасына банктік қарыз берді, оны қайтаруды Қарыз алушы өзіне тиесілі мүлік – өндірістік жабдық кепілімен қамтамасыз етті.

Бұдан әрі қарыз алушы қарызды пайдаланғаны үшін көзделген сыйақыны төлемей, тиісті банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауға жол берді.

Бұл жағдай банкке дефолт жариялауға, Қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге және бұл талапты қарыз алушы орындамағандықтан, заңда және шартта көзделген соттан тыс тәртіппен жоғарыда аталған кепіл нысанасын өндіріп алуға негіз берді.

Кепілге қойылған мүлікті сату бойынша ұйымдастырылған және өткізілген сауда-саттықтың нәтижесінде кепіл нысанасын бастапқы сатып алушы «С» («Бастапқы сатып алушы») сатып алды, оның атына мүлікті сауда-саттықтан сатып алу туралы құжат берілді. Кейінірек бастапқы сатып алушы сатып алынған мүлікті «D» («Мұрагер») мұрагерінің пайдасына сатып алу-сату шарты бойынша иеліктен шығарды.

Сипатталған құқықтық қатынастардың барлық қатысушылары мемлекеттік емес ұйымдар болып табылады, олардың капиталы мен басқаруына мемлекеттік қатысу үлесі жоқ. Сонымен бірге, Қарыз алушының, Бастапқы сатып алушының және Құқықтық мирасқордың құрылтайшылары (қатысушылары) арасында белгілі бір туыстық байланыстар болды, ал бұл субъектілердің өздері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты болды (және солай болып қала береді).

Сот Банк пен Қарыз алушы арасында жасалған кепіл шартын жарамсыз деп таныды. Осы Шарттың Тараптары мәмілелер жасалғанға дейін болған бастапқы жағдайға келтірілген. Қарыз алушының мүлкін банкке кепілге қойылған соттан тыс өндіріп алу ретінде сату жөніндегі аукционның нәтижелері заңсыз деп танылды. Сауда-саттықта қарыз алушының кепілге қойылған мүлкін сатып алу туралы құжат жарамсыз деп танылды. Сондай-ақ Бастапқы сатып алушы мен Құқықтық мирасқор арасындағы мүліктік кешенді сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылды.

***Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.***

2.1. Егер ҚР заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы ережелеріне сәйкес келтірілгендердің қайсысы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету түрі болып ТАБЫЛМАЙДЫ?

- а) Аванс.
- б) Тұрақсыздық айыбы.
- в) Кепіл
- г) Кепілдік.

2.2. Тараптар шарттық қатынастардағы міндеттемелерді қамтамасыз етудің қанша түрін қолданыстағы заңнамаға сәйкес бір негізгі міндеттемеге қатысты қолдана алады?

- а) Шектеусіз;
- б) Екеуден артық емес;
- в) Үшеуден артық емес;
- г) Әр түрінің біреуінен артық емес.

2.3. Төмендегілердің қайсысы банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға болып ТАБЫЛМАЙДЫ?

- а) сол банктің ірі қатысушысы болып табылатын жеке тұлға;
- б) банктің ірі қатысушысының лауазымды тұлғасы;
- в) банктің Үлестес тұлғалары;
- г) Тәуелсіз директор.

2.4. Келтірілген шарттардың қайсысы, жалпы ереже бойынша, кепілгерлік шартын жарамсыз деп тану үшін негіз болып ТАБЫЛМАЙДЫ?

- а) Жазбаша нысанын ұстанбау;
- б) Борышкердің ерік білдіруінің (келісімінің) болмауы;
- в) Шарттың мазмұны азаматтық заң актілеріне қайшы келеді;
- г) Несие берушіде азаматтық іс-әрекетке қабілеттіліктің қажетті көлемінің болмауы.

2.5. Берілген жағдайлардың қайсысы міндеттемеде несие берушіні ауыстыруға НЕГІЗ БОЛА АЛМАЙДЫ?

- а) Борышкердің қайта ұйымдастырылуы;
- б) Борышкердің тарауы;
- в) Кепілгердің немесе кепіл берушінің борышкердің міндетін атқаруы;
- г) Үшінші тұлғаның борышкердің міндетін атқаруы.

2.6. "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" ҚР Заңының ережелеріне сәйкес қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарлама беруге кімнің құқығы ЖОҚ екенін көрсетіңіз:

- а) нотариус;
- б) кәсіпқой бухгалтер;
- в) аудитор;
- г) заң кеңесшісі.

2.7. Жалпы ереже бойынша, мүліктік құқықтар нысанасы болып табылатын кепіл құқығы келесі сәттен бастап туындайды:

- а) кепіл шартын жасасқан сәттен бастап;
- б) кепіл шартын нотариалды куәландыру сәтінен бастап;
- в) кепіл ұстаушыға кепіл затын тапсырған сәттен бастап;
- г) кепілді тіркеген сәттен бастап.

2.8. Меншік құқығын қорғаудың аталған заттық-құқықтық тәсілдерінің қайсысы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында КӨЗДЕЛМЕГЕН?

- а) Меншік құқығын тану туралы талап арыз;
- б) Виндикациялық талап арыз;
- в) Теріс талап арыз;
- г) Реституциялық талап арыз.

2.9. ҚР «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңына сәйкес төмендегі мән-жайлардың қайсысы адамға қаржы басқарушысының қызметінің басталғаны туралы хабарлама беруге кедергі КЕЛТІРМЕЙДІ?

- а) Мамандандырылған психикалық есепте жай-күйі туралы мәліметтердің болмауы;
- б) Өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылықтың болмауы;

- в) Соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тануы туралы мәліметтердің болмауы;
- г) Кәсіби ұйымның мүшелігі туралы мәліметтердің болмауы.

2.10. Төменде көрсетілген қорытындылардың қайсысы борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қорытындыда қаржы басқарушысының көрсетуге құқығы ЖОҚ екенін көрсетіңіз.

- а) Борышкер төлем қабілетсіз және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға негіз бар;
- б) Борышкер төлем қабілетсіз және сот банкроттығы рәсімін қолдануға негіз бар;
- в) Борышкер төлемге қабілетті және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдануға негіз жоқ;
- г) Борышкер төлем қабілетсіз және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға негіз жоқ.

### 3-тапсырма (10 балл)

Бес құрылтайшы құрған «Тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы жиналысы жаңа қатысушыны қабылдау арқылы жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылдады. Алайда, осы мәселе бойынша дауыс беру кезінде қатысушылардың бірі, жарғылық капиталдың 10% үлесі бар Қалиев мырза мұндай шешімге қарсы дауыс берді.

Бұл мәселенің шешімі бірауыздан қабылдануы керек деп есептей отырып, ол қабылданған шешімді жарамсыз деп тану туралы сотқа шағым түсірді. Қалған қатысушылар бұл мәселені шешу үшін жиналысқа қатысушылардың  $\frac{3}{4}$  дауысы жеткілікті деп есептеді.

**Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.**

3.1. ЖШС жарғылық капиталы толық көлемде қандай мерзімде құрылуы тиіс?

- а) Мерзім ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен айқындалады;
- б) ЖШС құрылған күннен бастап бір айдан кешіктірмей;
- в) Жалпы жиналыс белгілейтін, бірақ құрылған күнінен бастап алты айдан кешіктірмей;
- г) Жалпы жиналыс белгілейтін, бірақ ЖШС құрылған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей.

3.2. ЖШС жарғылық капиталын ұлғайтудың көрсетілген тәсілдерінің қайсысы заңда КӨЗДЕЛМЕГЕН?

- а) барлық қатысушылардың қосымша пропорционалды салымдары арқылы;
- б) серіктестіктің меншікті активтері, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;
- в) нақты құны олардың баланстық құнынан асатын серіктестіктің активтерін қайта бағалау есебінен;
- г) серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы.

3.3. Қатысушының серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлесін басқа қатысушыларға иеліктен шығару тәртібі қандай?

- а) Қалған қатысушылар оны қолда бар үлестерге барабар сатып алуға құқылы;
- б) Қалған қатысушылар үшінші тұлғалар алдында басым сатып алу құқығын пайдаланады;
- в) Қатысушы-сатып алушыларды таңдау құқығы қатысушы-сатушыға тиесілі;
- г) Қалған қатысушылар оны келісімде айқындалған тәртіппен сатып алуға құқылы.

3.4. Басымдықпен сатып алу құқығы бұзылған кезде қатысушылар қандай мерзім ішінде сатып алушының құқықтары мен міндеттерін өзіне аударуды сот тәртібімен талап етуге құқылы?

- а) 1 апта;
- б) 1 ай;
- в) 3 ай;
- г) 1 жыл.

3.5. ЖШС құру рәсімі қай сәтте аяқталады:

- а) құрылтай шартына қол қойған сәтте;
- б) құрылтай шартына қол қойып, Жарғыны бекіткен сәтте;
- в) құрылтай құжаттарын нотариалды куәландыру сәтінде;
- г) серіктестікті мемлекеттік тіркеу сәтінде.

3.6. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қандай кезде тексеру ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ:



- а) кез келген қатысушының талап етуімен тәуелсіз сарапшымен;
- б) соттың шешімімен;
- в) әр қаржылық жылдың қорытындысы бойынша – қаржылық есептілік бойынша;
- г) тексеру комиссиясымен.

3.7. Аталған азаматтық құқықтар объектілерінің қайсысын ЖШС жарғылық капиталына салым ретінде енгізуге БОЛМАЙДЫ?

- а) Жеке мүліктік емес құқықтар;
- б) Құнды қағаздар;
- в) Интеллектуалды қызмет нәтижелеріне қатысты құқық;
- г) Жер пайдалану құқығы.

3.8. Қандай жағдайда ЖШС жарғылық капиталына салымды бағалауды тәуелсіз сарапшы жүргізуі тиіс?

- а) Кез келген жағдайда;
- б) Егер мұны құрылтайшылардың кем дегенде біреуі талап етсе;
- в) Егер Қатысушының салым құны 20 000 АЕК-тен асса;
- г) Егер Қатысушының салым құны 10 000 АЕК-тен асса.

3.9. Осы нақты жағдайда жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қалай қабылдануы керек?

- а) Бұл мәселені шешу үшін жиналысқа қатысушылардың  $\frac{3}{4}$  дауысы жеткілікті;
- б) Шешім барлық қатысушылардың жалпы келісімі бойынша қабылданады;
- в) Шешім білікті дауыс көпшілігімен қабылдануы керек;
- г) Шешім қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

3.10. Серіктестіктің мүлкіндегі қатысушының үлесіне құқық қандай сипатқа ие:

- а) Заттық сипатқа;
- б) Міндеттемелік сипатқа;
- в) Заттық және міндеттемелік сипатқа;
- г) Қатысушылардың жарналарының пайыздық қатынасы үшін шартты сипатқа.

## 4-тапсырма (10 балл)

«Веста» сақтандыру компаниясы» АҚ мен «ДиСТ Company» ЖШС арасында «Крокус» логистикалық орталығының қоймасында сақталатын мүлікті ерікті сақтандыру шарты жасалды.

Ерікті сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы басталған жағдайда 20% мөлшерінде шартсыз франшиза көзделген.

Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысы енгізілген күннен бастап 3 айдан кейін «ДиСТ Company» ЖШС сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішпен және өрт салдарынан келтірілген материалдық залалды өтеу ретінде сақтандыру сомасын төлеуді талап етіп жүгінді. Өтінішке сақтандырушыға мәлімделген талаптың негізділігін растайтын құжаттар, атап айтқанда: сақтандыру шарты, сақтандыру сыйлықақысын төлеудің төлем құжаттары, өтініш берушінің мүлкін жауапты сақтау шартының көшірмесі, «Кастодиан» ЖШС мен «Крокус» логистикалық орталығы арасында жасалған қойма үй-жайларын жалдау шартының көшірмесі, уәкілетті органдардан өрттен кейінгі үй-жайларды тексеру актілері, хаттамалар мен баянаттар қоса берілді.

«Веста» сақтандыру компаниясы» АҚ өтінішке қоса берілген құжаттарды зерделеп, залалды «ДиСТ Company» ЖШС-мен жауапты сақтау шарты шеңберінде сақтаушының залалды өтеуін көздейтін жауапты сақтау шарты жасалған «Кастодиан» ЖШС өтеуі тиіс екендігіне сілтеме жасай отырып, сақтандыру сомасын төлеуден бас тартты.

Сондай-ақ, сақтандырушы өз бас тартуында өрттің «Крокус» логистикалық орталығының қызметкерлері дұрыс орындамаған электр сымдарының нәтижесінде пайда болғанын көрсетті.

«ДиСТ Company» ЖШС сақтандыру компаниясының бас тартуымен келіспей, сақтандыру төлемінің сомасын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінді.

**Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.**

4.1. Сақтандыру нарығының қатысушылары:

- а) сақтандыру агенті, сақтандырылған тұлға, андеррайтер, актуарий;
- б) сақтандырылған тұлға, сақтандыру брокері, сақтандыру ұйымының акционері;
- в) андеррайтер, актуарий, пайда алушы, сақтандыру ұйымының акционері;
- г) сақтандыру омбудсманы, сақтанушы, сақтандыру ұйымының ірі қатысушысы.

4.2. Уәкілетті орган төмендегі жағдайларда кандидатты тестілеу нәтижесі теріс болған кезде сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін тағайындауға келісім беруден бас тартады:

- а) тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптардың 65%-дан азын құраса;
- б) тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптардың 70%-дан азын құраса;
- в) тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптардың 80%-дан азын құраса;
- г) тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптардың 60%-дан азын құраса.

4.3. Сақтандырушының ерікті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалауы:

- а) сақтандырушының құқығы болып табылады және қосымша лицензиялауды қажет етпейді;
- б) сақтандырушының міндеті болып табылады және қосымша лицензиялауды қажет етпейді;
- в) тиісті лицензия болған жағдайда сақтандырушының міндеті болып табылады;
- г) тиісті лицензия болған жағдайда сақтандырушының құқығы болып табылады.

4.4. Сақтандыру тәуекелінің белгілері:

- а) заңдылығы және шарасыздығы;
- б) ықтималдығы және шарасыздығы;
- в) кездейсоқтығы және заңдылығы;
- г) кездейсоқтығы және ықтималдығы.

4.5. Мүліктік сақтандыру шарты бойынша төмендегі тәуекелдердің қайсысын сақтандыруға болмайды:

- а) мүліктің бүліну тәуекелін;
- б) кәсіпкерлік қызметтен болатын шығындар тәуекелін;
- в) еңбек ету қабілетінен айрылу тәуекелін;
- г) мүліктен айырылу тәуекелін.

4.6. Төмендегі ұғымдардың қайсысы франшиза деп түсініледі:

- а) сақтандырушының залалды толық өтеу бойынша шартсыз міндеттемесі;
- б) қайта сақтандыруды ұсыну туралы құжат;
- в) сақтандырушының залалдың бір бөлігін өтеуден босату;
- г) қайта сақтандыру ұйымының сақтандырушысынан тәуекелді беру.

4.7. Мүліктік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі төмендегі шектерде жүргізіледі:

- а) сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірген нақты залал мен жіберіп алған пайданың мөлшері шегінде;
- б) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде көтерген нақты залал мөлшері;
- в) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде көтерген нақты залал мөлшері;
- г) сақтандыру жағдайының басталуы.

4.8. Міндеттілік дәрежесі бойынша сақтандыру нысандары:

- а) жеке және мүліктік;
- б) ерікті және міндетті;
- в) жинақталатын және жинақталмайтын;
- г) жеке және жинақталатын.

4.9. Сақтанушының шығындарды өтеу құқығының сақтандырушыға өтуі (суброгация) төмендегі шектерде жүзеге асырылады:

- а) төленген сома шегінде, сақтанушының (сақтандырылушының) шығындар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы;
- б) төленген сома шегінде, сақтанушының (сақтандырылушының) дау сотқа өткен жағдайда сақтандырушының шығыстарын қоса алғанда, залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы;
- в) төленген сома мен өсімпұл шегінде, сақтанушының (сақтанушының) шығындар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болатын талап ету құқығы;
- г) сақтандыру сыйақы сомасы мен өсімпұл шегінде, сақтанушының (сақтанушының) шығындар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болатын талап ету құқығы.

4.10. Аннуитеттік сақтандыру шарты деп қандай шарт танылады:

- а) өзіне сәйкес сақтандырушы сақтандыру сыйақысын төлеген тұлғаның пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін белгіленген мерзім ішінде жүргізіп отыруға міндетті болатын шарт;
- б) өзіне сәйкес, сақтандырушы шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүргізіп отыруға міндетті болатын шарт;
- в) өзіне сәйкес, сақтандырушы пайда алушының талап етуін алған жағдайда, шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүргізуге құқылы болатын шарт;
- г) өзіне сәйкес, сақтандырушы сақтандыру сыйақысын енгізген тұлғаның пайдасына сақтандыру төлемін шартта белгіленген сома шегінде біржолғы төлеммен жүргізуге міндетті болатын шарт.

## 5-тапсырма (60 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

5.1. Өзіне тиісті құқықтық салдарды тудыру ниетінсіз жасалған мәміле қалай аталады?

- а) Жалған;
- б) Өтірік;
- в) Алдамшы;
- г) Кіріптарлық.

5.2. Бөлу балансы қайта ұйымдарудың қандай түрлерінде ресімделеді?

- а) Түрлендіру кезінде;
- б) Біріктіру мен қосылу кезінде;
- в) Бөлініп шығу және қосылу кезінде;
- г) Бөлу және бөлек шығу кезінде.

5.3. Жаңадан құрылған банктің жарғылық капиталының ең төмен мөлшерін:

- а) оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін 120 күнтізбелік күн ішінде толығымен төлеуі керек;
- б) оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде толығымен төлеуі керек;
- в) оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін 90 күнтізбелік күн ішінде толығымен төлеуі керек;
- г) оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін 180 күнтізбелік күн ішінде толығымен төлеуі керек.

5.4. Шетелдік ұйымды аудиторлық ұйым деп танудың шарттары:

- а) оның мәртебесін резидент емес, бірақ Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі болып табылатын кәсіби ұйымның растауы;
- б) оның мәртебесін кез келген кәсіби ұйымның растауы;
- в) оның мәртебесін резиденті болып табылатын және Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі болып табылатын елдің кәсіби ұйымының растауы;
- г) оның мәртебесін Халықаралық бухгалтерлер федерациясының растауы.

5.5. Қандай жағдайларда ЖШС жарғысы мүдделі тұлғаның талабы бойынша ұсынылуы тиіс?

- а) кез келген жағдайда;
- б) құрылтай құжаттарымен көзделген жағдайларда ғана;
- в) серіктестік органдарының келісімі болған жағдайда ғана;
- г) Жарғы ұсынылмауы тиіс, себебі оның ережелері коммерциялық құпия болып табылады.

5.6. Сыйақы мөлшерлемелері мен комиссиялар, сондай-ақ банктің қызмет көрсетудің тарифтері:

- а) банк клиенттермен банктік қызмет көрсету шартын жасасу кезінде дербес белгілейді;
- б) банктер заңнамада белгіленген шектеулерді ескере отырып, дербес белгілейді;
- в) заңнамада белгіленген шектеулерді ескере отырып, ҚР Ұлттық Банкі белгілейді;
- г) Екінші деңгейдегі банктің талаптарын ескере отырып, ҚР Ұлттық Банкі белгілейді.

5.7. Шарт өзгерген жағдайда тараптардың міндеттемелері:

- а) өзгеріссіз қалпында қалады;
- б) өзгертілген түрінде қолданыла береді;
- в) шарттың елеулі талаптары бойынша ғана өзгертіледі;
- г) шарттың елеулі талаптары бойынша ғана тоқтатылады.

5.8. Міндеттеменің мазмұны - бұл:

- а) тараптардың субъективті құқықтары;
- б) тараптардың міндеттемелері;
- в) тараптардың субъективті құқықтары мен міндеттемелері;
- г) борышкердің міндеттері.

5.9. Жалпы ереже бойынша міндеттемені орындау орны бұл:

- а) кредитордың тұрғылықты жері, ал егер кредитор заңды тұлға болып табылса – оның орналасқан жері;
- б) борышкердің тұрғылықты жері, ал егер кредитор заңды тұлға болып табылса – оның орналасқан жері;
- в) борышкердің тұрғылықты жері, ал егер борышкер заңды тұлға болып табылса – оның орналасқан жері;
- г) сотта.

5.10. Бірлескен міндет кезіндегі кредитордың құқықтары:

- а) кредитор барлық борышкерлерден бірлесіп, сондай-ақ олардың кез келгенінен борышты толығымен, сондай-ақ оның бір бөлігін орындауды талап етуге құқылы;
- б) кредитор міндеттеменің орындалуын тек бір борышкерден талап етуге құқылы;
- в) міндеттемені орындау толығымен мүмкін емес;
- г) дұрыс жауап жоқ.

5.11. Егер борышкер нотариустың депозитіне ақшалай сома салса, бұл міндеттемені орындау болып табыла ма?

- а) бұл міндеттемені орындау болып табылмайды;
- б) бұл міндеттемені орындау болып табылады;
- в) егер тек шартпен көзделген болса;
- г) соттың шешімі бойынша мүмкін болады.

5.12. Борышкерге өзінің борышын басқа тұлғаға тек мына жағдайда аударуына болады:

- а) борышты басқаға аударуға жол берілмейді;
- б) кредитордың келісім беруімен;
- в) борышкердің келісім беруімен;
- г) кредитор мен борышкердің келісім беруімен.

5.13. Шарт жасасудың дәлелі ретінде және оның орындалуын қамтамасыз ету үшін берілетін ақшалай – бұл:

- а) кепілақы;
- б) аванс;
- в) кепіл заты;
- г) банктік кепілдеме.

5.14. Артығын алып тастаңыз. Аудиторлық ұйымдар мынадай қызметтерді көрсете алады:

- а) бухгалтерлік есепке алуды қалпына келтіру;
- б) бухгалтерлік есепті жүргізуді үйрету;
- в) аудиторлық қызметпен байланысты заң қызметтері;
- г) басқа кәсіпкерлік қызмет.

5.15. ҚР заңымен аудиттің қандай түрі КӨЗДЕЛІМЕГЕН?

- а) Міндетті;
- б) Бастамашылдық;
- в) Салықтар бойынша аудит;
- г) Жалпы.

5.16. «Аудитор» біліктілік куәлігі бар жеке тұлғалар құқылы:

- а) кәсіби ұйымға еруге;
- б) біліктілігін арттыру курстарынан өтуге;
- в) сырттай сапаны бақылаудан өтуге;
- г) аудит барысында туындаған сауалдар бойынша ауызша және жазбаша нысанда түсініктеме алып отыруға.

5.17. Төмендегілерді санамағанда, қаржылық жылдың қорытындылары бойынша аудит жүргізу банктер үшін міндетті шарт болып табылады:

- а) еркінен тыс таратылу барысындағы банк;
- б) екінші деңгейдегі банктер;
- в) ұлттық банк;
- г) резидент-банк.

5.18. Қаржылық мониторинг субъектілерінің міндеттері:

- а) технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау нәтижелерін бағалау, анықтау, құжат түрінде тіркеу және жанарту;
- б) кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару және кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін азайту жөніндегі бақылау шараларын, рәсімдерді әзірлеу;
- в) өз клиенттерін кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелі дәрежесін ескере отырып жіктеу;
- г) барлық жауаптар дұрыс.

5.19. Тұрақсыздық айыбы туралы келісім жасасу нысаны:

- а) Тұрақсыздық айыбы туралы келісім ауызша нысанда да, жазбаша нысанда да жасалуы мүмкін;
- б) Тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің нысаны – ауызша;
- в) Тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің нысаны – нотариалды;
- г) Тұрақсыздық айыбы туралы келісім негізгі міндеттеменің нысанына байланыссыз жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

5.20. Аудитор қанша аудиторлық ұйымның қатысушысы болуы мүмкін?

- а) бір ұйымның;
- б) Ары кеткенде 2 ұйымның;

- в) шектеу қойылмайды;
- г) дұрыс жауап жоқ.

5.21. Аудиторлық ұйымдағы аудиторлардың саны қанша болуы тиіс:

- а) 10-нан кем емес;
- б) 3-ден кем емес;
- в) 2-ден кем емес;
- г) 1 мүшеден бастап.

5.22. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиядан айырылған аудиторлық ұйымды бұрын басқарған Аудитор лицензиядан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап қай уақыт ішінде басқа аудиторлық ұйымның басшысы бола алмайды ?

- а) Алты ай бойы;
- б) Екі жыл бойы;
- в) Үш жыл бойы;
- г) Бір жыл бойы.

5.23. "Аудитор" біліктілік куәлігінен айырылған адамдар кем дегенде қандай мерзімнен кейін қайта аттестаттауға жіберіледі:

- а) үш жылдан кейін;
- б) бір жылдан кейін;
- в) екі жылдан кейін;
- г) бес жылдан кейін.

5.24. Аудиторлық ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпаратты уақтылы ұсынбауы немесе ұсынбауы қандай жауапкершілікті тудырады:

- а) 120 АЕК мөлшеріндегі айыппұл;
- б) лицензиядан айыру;
- в) ескерту;
- г) 100 АЕК мөлшеріндегі айыппұл.

5.25. Акционерлік қоғамның атқарушы органы Қоғамның аудитін жүргізуден жалтарған кезде аудитті кім (қалайша) тағайындауы мүмкін:

- а) қаржылық мониторинг субъектісі;
- б) кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша соттың шешімімен;
- в) мемлекеттік кірістер органдарының бастамасы бойынша;
- г) дұрыс жауап жоқ.

5.26. Төмендегі тұлғалардың қайсысының міндетті аудит жүргізуден жалтаруы не оған кедергі жасауы 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады:

- а) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің;
- б) коммерциялық емес ұйымдардың;
- в) орта кәсіпкерлік субъектілерінің;
- г) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің.



5.27. Сапаны бақылау қандай тұрғыға негізделумен жүзеге асырылады?

- а) Императивті;
- б) Диспозитивтік;
- в) Тәуекелге бағытталған;
- г) Барлық жауаптар дұрыс.

5.28. Төмендегі тұлғалардың қайсысына міндетті аудит жүргізілуі тиіс:

- а) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (250 жұмыскерге дейін);
- б) жеке кәсіпкерлер;
- в) толық серіктестік;
- г) акционерлік қоғамдар.

5.29. Аудиторлық қызмет және кәсіби ұйымдардың қызметі саласында мемлекеттік бақылау қандай нысанда жүзеге асырылады?

- а) Тексеру және профилактикалық бақылау;
- б) Тестіден өту;
- в) Ауызша емтихан;
- г) Есеп беру.

5.30. Аудиторлық ұйым қандай ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады?

- а) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- б) Акционерлік қоғам;
- в) Шаруашылық серіктестіктер;
- г) Қоғамдық бірлестіктер.

**ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ**











**БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ**

**БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ**